

а — с а р қ ы л м а с қ а з ы н а

Ұлттық Өнер академиясы колледжінің студенттері Алмагүл Қазихан мен Аманжол Аманжолдинов және үшінші орынды Алматы полиграфия студенті Алтынай Сейітқан иеленді. Акцияның жүргізушілері: №140 М.Мақатаев атындағы гимназияның ұлағатты ұстазы

рман

Сафура Темурбаева мен Т.Жүргенев атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы колледжінің студенті Дәулет Стамғазиев аталмыш шараның жоғары деңгейде, қызықты өтуіне ерекше атсалысып, өздерінің жауһар жырларымен, әсем өндерімен жастарды шабыттандырып, сан қырлы сұрақтарымен сайыскерлердің білімін, ой-өрісін саралап, оқырмандардың ыстық ықыласы мен сүйіспеншілігіне бөленді.

Сағын ИМАНБАЕВА,
№4 кітапхана-бөлімшесінің
менгерушісі.

Алматы.

Жуырда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының ұйымдастыруымен қазақ филологиясының көрнекті қайраткері, қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-

дары Кеңес Армиясының Жоғары Саяси Басқармасында жауапты қызмет атқарды. 1946 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының қазіргі Ұлттық ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында бөлім менгерушісі, Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтында (қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде) қазақ тілі кафедрасының менгерушісі қызметтерін атқарды.

1958 жылы 28 қарашада Алматы қаласында дүниеден өтті.

Ғылыми-зерттеу еңбектері негізінен қазақ тілінің теориялық мәселелері мен диалектологиясын зерттеуге арналған. Отызыншы жылдардың ішінде Сәрсен Аманжолов фольклорлық мұралардың таңдаулы үлгілерін жарыққа шығаруға ат салысып, фольклортану ғылымының қалыптасып дамуына айтарлықтай үлес қосты. Халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап, әдеби тіл тарихын зертте-

ғыс Қазақстан облысы, Улан ауданындағы орта мектепке, Өскемен қаласындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетіне Сәрсен Аманжолов есімі берілген.

Кешке әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Бердібай Шалабай, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, педагогика ғылымдарының докторы Фаузия Оразбаева, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Магистратура және PhD докторантура институтының профессоры, филология ғылымдарының докторы Гүлбану Қосымова қатысып - "Сәрсен Аманжоловты" қазақ тілінің синтаксисі бойынша ғылыми көзқарастары", "Сәрсен Аманжоловтың қазақ тілінің синтаксисі бойынша ғылыми көзқарастары", "Жалпы білім беретін орта мектептегі қазақ тілін оқыту ісіне Сәрсен Аманжоловтың қосқан үлесі", тақырыптарында сөз сөйлеп, Сәрсен Аманжолұлының өмірі, еңбегі, ағартушылығы, ғалымдығы және шығармалары туралы тыңғылықты, қызықты етіп айтып берді. Сонымен қатар осы кеш барысында қатысып отырған оқырмандар, ғалымдар, Алматы университетінің педагогикалық пәндер кафедрасының менгерушісі Үлбосын Қияқбаева

ТАҚЫРЫПТЫҚ — КЕШ —

умен айналысты. "Қазақ диалектологиясының негізгі мәселелері" деген докторлық диссертациясында қазақтың әдеби тіл мен қазақ тілінің диалектикалық негізін, оның қалыптасу тарихын, дамуын жан-жақты зерттеді. Олардың қатарында "Бөгенбай батыр", "Қазақ совет фольклоры", "Қазақтың халық жұмбақтары", "Тоғызқумалақ", "Қазақ халқының ауыз әдебиеті" атты еңбектері жаталды.

Сонымен қатар сауатсыздықты жоюға арналған оқу құралдарынан ба-

растары", "Жалпы білім беретін орта мектептегі қазақ тілін оқыту ісіне Сәрсен Аманжоловтың қосқан үлесі", тақырыптарында сөз сөйлеп, Сәрсен Аманжолұлының өмірі, еңбегі, ағартушылығы, ғалымдығы және шығармалары туралы тыңғылықты, қызықты етіп айтып берді. Сонымен қатар осы кеш барысында қатысып отырған оқырмандар, ғалымдар, Алматы университетінің педагогикалық пәндер кафедрасының менгерушісі Үлбосын Қияқбаева

мүшесі, тұркітанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Сәрсен Аманжоловтың туғанына 110 жыл (27.12.1903 – 28.01.1958 ж.ж.) толуына арналған “Есімін елі ардақтаған” атты тақырыптық кеш болып өтті.

Сәрсен Аманжолов 1903 жылы 27-ші желтоқсанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданындағы Егіңсу аулында дүниеге келген.

1916 жылы Қатонқарағайдағы орыс-қазақ мектебін бітіргеннен кейін Өскемен қаласындағы реалдық училищеге түседі.

1920 жылы Семей қаласындағы қысқа мерзімді курсты бітірген соң ауыл мектебінде мұғалім болады. 1926 жылы Ташкентке оқуға жіберіледі. 1930 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінің педагогика

стап, мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар және бағдарламалар жасауға тікелей қатысқан ғалым. Ол жазған қазақ тілі оқулықтары мен бағдарламалары ана тілін оқытуды ғылыми жолға қоюға елеулі ықпал етті.

Халқы сүйген көрнекті ғалым, қажымаған ұстаз-педагог, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Сәрсен Аманжоловтың жазған еңбектері қазақ халқының мәдени және ғылыми қазынасына қосылған зор үлес болып табылады. Өзінің аз ғана ғұмырында оның қаламынан көлемі 500 баспа табақтай 200-ден астам ғылыми еңбектер туған екен. 120-дан аса еңбектері басылып шығып, қалғаны қолжазба күйінде сақталған.

тағы басқа оқырмандар сұрақтар қойып, өз ойларын ортаға салды.

Сәрсен Аманжоловтың өмірі мен қызметі туралы қысқаша хабарламаны жасаған Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананың қызметкері Клара Иманбекова.

“Есімін елі ардақтаған” атты тақырыптық кешті жүргізген осы кітапхананың қызметкері Әлия Оразова.

Кітапхана осы кешке арнап Сәрсен Аманжоловтың өмір жолы мен еңбектеріне арналған “Есімін елі ардақтаған” атты 3 бөлімді тақырыптық кітап көрмесін ұйымдастырды.

Кешке Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының студенттері, ғылыми қызметкерлер, кітапхана оқырмандары қатысты.



Тақырыптық кешке қатысушылардың бір тобы

факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін бітіреді. 1931-1937 жылдары Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтында (қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде) оқытушы, 1936-1937 жылдары Қазақтың ұлттық мәдени ғылыми-зерттеу институтының директоры, 1937-1942 жылдары, КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық филиалының тіл және әдебиет секторының меңгерушісі, 1944-1946 жыл-

Сәрсен Аманжоловтың кез келген еңбегін алып қарасақта, барлығы дерлік қазақ филологиясының өзекті мәселелерін қамтиды, яғни қазақ тілі білімінде зерттемеген саласы жоқ десе болғандай.

Сәрсен Аманжолов “Қазақстанның 15 жылдығы” құрмет белгісімен, жауынгерлік медальдармен марапатталған.

Сәрсен Аманжолұлы есімін есте қалдыру мақсатында туған жері Шы-

Сәрсен Аманжолов мұралары өлі де зерттеліп, өлі де өзінің жоғары бағасын алады деп сенеміз.

Л. БЕКТІБАЕВА,
Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің басшысы.

Алматы.